



«Байтерек» Бобекжай-бақшасының
Директоры Б.А. Хисамиденова
№ 6 Педагогикалық кеңесте
28 тамыз 2020 жыл

Ерте жас «Бүлдірген» тобының 2020 -2021 оқу жылына арналған
перспективалық жоспары

Ерте жас «Бүлдірген» тобы
Қыркүйек айы 1-апта

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: «Балабақша» – балалардың бойында балабақшаға, достарына деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру.

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Менің балабақшам»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Міне менің тобым осындай» М: Балаларды шағын топпен, арқанды ұстап, шеңбер бойымен жүруге, тапсырмалар бойынша жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т:«Міне менің тобым осындай» М:Балаларды шағын топпен, арқанды ұстап , шеңбер бойымен жүруге, тапсырмалар бойынша жүгіруге жаттықтыру. Алға қарай жылжи отырып секіруді үйрету.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Міне менің тобым осындай» М:Балаларды шағын топпен, арқанды ұстап , шеңбер бойымен жүруге, тапсырмалар бойынша жүгіруге, алға қарай жылжи отырып секіруді жаттықтыру. Орында отырған қалыпта допты екі қолмен бастан асырып домалатуды орындауға үйрету.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің балалар қайда екен?» М:Топпен таныстыру, бөлмелердің аттарын үйрету. Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.</p>	<p>1.Сенсорика Т: «Ойыншық машина» (ойын) М: Ойыншық машинаны жібінен тарта отырып, дыбысын шығара білу қабілеттерін дамыту.</p>	<p>1.Сурет салу Т: «Қағаз, қарындашпен таныстыру» М:Қарындашпен жұмыс жасауға, тіке және көлденең сызықтарды сызуды үйрету. Қағазбен, қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p>2.Музыка Т: «Айгүл қонақта» М: 1.Музыкаға деген ынтасын арттыру. 2.Музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.</p>

Қыркүйек айы 2-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Менің достарым»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Біз тату балалармыз» М: Балаларды әртүрлі бағыттағы жүрістерге, домаланған заттарды қуып жету тапсырмалары бойынша жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Біз тату балалармыз» Мақсаты: Балаларды әртүрлі бағыттағы жүрістерге, домаланған заттарды қуып жету тапсырмалары бойынша жүгіруге жаттықтыру. Алға қарай жылжу арқылы секіруді жаттықтыру. Допты екі қолмен алға қарай лақтыруға үйрету.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Біз тату балалармыз» М: Балаларды әртүрлі бағыттағы жүрістерге, домаланған заттарды қуып жету тапсырмалары бойынша жүгіруге жаттықтыру.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Т: «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли М:Құрдастары мен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p>	<p>1.Жаратылыстану Т: «Үй жануарлары» М:Үй жануарларын ажыратып, атай білу (мысық, ит, сиыр, жылқы, ешкі, әтеш, тауық, қаз және т.б)</p>	<p>1.Мүсіндеу Т: «Досыма арналған шарлар» М: сазбалшықпен таныстыру, алақан арасына салып домалатуды, дөңгелек пішінді мүсіндей білуге үйрету.</p> <p>2.Музыка Т: «Көңілді сылдырмақтар» М:1.Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. 2.Балалардың есту қабілетін арттыру.</p>

Қыркүйек айы 3-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Менің сүйікті ойыншықтарым»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Менің сүйікті ойыншықтарым» М: Жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру. Жатқан арқаннан секіру. Екі қолмен (1-1,5. ара қашықтық) нысанға допты лақтыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т:«Менің сүйікті ойыншықтарым» н: Жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру. Жатқан арқаннан секіру. Екі қолмен (1-1,5. ара қашықтық) нысанға допты лақтыру.Кедіргілі жазықтың бетімен еңбектеу.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Менің сүйікті ойыншықтарым» М: Жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру. Жатқан арқаннан секіру. Екі қолмен (1-1,5. ара қашықтық) нысанға допты лақтыру. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту.</p>	<p>« Сөйлеуді дамыту » Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Қандай? Сұрағына жауап беруге және жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету. Ұқыптылыққа баулу.</p>	<p>« Сенсорика » Тақырыбы: «Біздің топтың ойыншықтары»(үстел-үсті ойыны) Мақсаты: Біртекті заттарды ортақ белгісі, пішіні бойынша топтастыру</p>	<p>« Сурет салу » Тақырыбы: «Доптар» Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды үйрету. Саусақтарының икемділіктерін арттыру. Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. « Музыка » Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз» Мақсаты: 1. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. 2. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.</p>

Қыркүйек айы 4-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Балабақша» М: Қос аяқпен секіру (аяқ бірге-аяқ алшақ); бір-біріне доп домалатуды үйрету. Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіру (аяқ бірге- аяқ алшақ) дағдыларын бекіту.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Балабақша» М: Бір-біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Балабақша» М: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүруге жаттықтыру. Қол тиер тимес секіру «Масаны ұста» сызықтар атасымен (сызықтар арақашықтығы 30с) жүруді үйрету. «Көпірден жүгіріп өту»</p>	<p>1.Көркем әдебиет Т: «Кімге не қажет?» дид.ойын М: Балаларды аспаз, дәрігер мамандықтарының негізгі кәсіптерімен таныстыруды жалғастыру. Мамандардың еңбек құралдарымен, қалай пайдалану туралы түсінігін қалыптастыру. Баланың есте сақтау,есту, зейінін дамыту.</p>	<p>1.Жаратылыстану Т: «Үлкендердің еңбегін бағалау». М: Әсем табиғат аясында көктем мезгілінің ерекшеліктерін еске түсіріп, айналада болып жатқан құбылыстар жайлы түсінік беру.</p>	<p>1.Мүсіндеу Т: «Үй құстарына жем шашайық» М: Ермексазды шымшып үзіп алу әдісін үйрету. Балалардың мүсіндеуге қызығушылық -тарын тудыру. Ермексазды ұқыпты қолдануға үйрету.</p> <p>2.Музыка Т: «Гәрбиеші» М: Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау. Эстетикалық сезімге тәрбиелеу.</p>

Қазан айы 1-апта

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету.

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Менің отбасым»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Менің отбасым» М: Бағдар бойынша жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Шағын топқа бөлініп жүгіру. Заттарға шығу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Менің отбасым» М: Бағдар бойынша жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Шағын топқа бөлініп жүгіру. Заттарға шығу. Жатқан арқаннан секіру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Менің отбасым» М: Бағдар бойынша жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Шағын топқа бөлініп жүгіру. Заттарға шығу. Жатқан арқаннан секіру. Доғанның астымен доптарды домалату.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Т:« Біздің отбасы» <i>Адырбек Сопыбеков</i> М: Отбасында әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынаста, зат есімдерді, қолданып, заттарды (Кім? Не?) және сын есімдерді (Не істейді?) қолданып, сипаттауға үйрету.</p>	<p>1.Сенсорика Т: « Моншақ тізбектейміз» (дидактикалық ойын) М: Ұсақ қол моторикасын дамыту үшін заттармен нәзік қимылдар жасауды үйрету</p>	<p>1.Сурет салу Т: «Ұзын жолдар» М: Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету. Бейнелегендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу, саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту. Бояудың қызыл түсімен таныстыру.</p> <p>2.Музыка Т: «Әлди-әлди, ақ бөпем» М:Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсен» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.</p>

Қазан айы 2-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Менің көшем, мен тұратын үй»	<p>Дене шынықтыру Т: «Менің көшем» М: Жай жүру, жіптің бойымен жүру, әртүрлі қарқынмен жүгіру.10-15 см биіктіктен секіру. Допты екі қолымен астынан ұстап лақтыруға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Т: «Менің көшем» М: Жай жүру, жіптің бойымен жүру, әртүрлі қарқынмен жүгіру.10-15 см биіктіктен секіру.Орындықтың астымен еңбектеу. Допты екі қолымен астынан ұстап лақтыруға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Т: «Менің көшем» М: Жай жүру, жіптің бойымен жүру, әртүрлі қарқынмен жүгіру.10-15 см биіктіктен секіру. Орындықтың астымен еңбектеу.Текшелерден аттау. Допты екі қолымен астынан ұстап лақтыруға үйрету.</p>	<p>Көркем әдебиет Т: «Біздің шаңырақ» Ермек Өтетілеуұлы М:Өлеңді тыңдауға қызығушылықты дамыту, балаларға өлеңдердің мазмұнын түсінуге көмектесу және тәрбиешінің соңынан жеке сөздерді және фразаларды белсенді түрде қайталап, сұрақтарға жауап беру.</p>	<p>Жаратылыстану Т: Күзгі табиғат. М: 1.Балаларды жылдың күз мезгілімен, табиғаттағы күзгі ерекшеліктермен таныстыру. 2.Көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу. 3.Табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Мүсіндеу Т: «Көше шамдары» М:Жалпақ , дөңгелек пішіндерді мүсіндеу білуге үйрету</p> <p>Музыка Т: «Қараңдаршы далаға» М: Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту</p>

Қазан айы 3-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Тапым» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Біз өсіп келеміз» Мақсаты:Балаларды екі сызық арасымен жүгіруге (екі сызық арасындағы арақашықтық 25-30 см), бір-бірінің қолдарына ұстап , шеңбер бойымен әртүрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Біз өсіп келеміз» М: Балаларды екі сызық арасымен жүгіруге (екі сызық арасындағы арақашықтық 25-30 см), бір-бірінің қолдарына ұстап , шеңбер бойымен әртүрлі бағыттарда жүгіруге жаттықтыру.Екі аяқпен тұрып секіруді үйрету.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Біз өсіп келеміз» М: Балаларды екі сызық арасымен жүгіруге (екі сызық арасындағы арақашықтық 25-30 см), бір-бірінің қолдарына ұстап , шеңбер бойымен әртүрлі бағыттарда жүруге,жүгіруге екі аяқпен тұрып секіруді жаттықтыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Т: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» М:Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға , дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Сурет бойынша сөйлемдер құрастыру, «Не істеп жатыр?» сұрағына толық жауап беру.</p>	<p>1.Сенсорика Т: «Мен сияқты жаса» (дидактикалық ойын) М: бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындау: алу және салу, пластикалық бөтелкенің тығынын жабу арқылы саусак моторикаларын жетілдіру, түстерді ажыратуға және сәйкестендіруге баулу</p>	<p>1. Сурет салу Т: «Біз серуендеуге барамыз» М: Қылқаламмен таныстыру және қағаз бетінде із қалдыруға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу техникасымен таныстыру (батыру тәсілі). Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл қозғалысын дамыту. Ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p>2.Музыка Т: «Күн мен жаңбыр» М: 1.Ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау. 2.Өлеңді сезінуге тәрбиелеу.</p>

Қазан айы 4-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Алтын күз»	<p>1. Дене шынықтыру Т: «Күз келді» М: балаларды әртүрлі бағыттарда жан-жағы сызықтармен тұйықталған тіке жол бойымен (ені35 см,ұзындығы 2м) және шеңбер бойымен бір-бірінің қолдарынан ұстап жүруге жаттықтыру.Затқа қолы тигенше секіруді үйрету.</p> <p>2. Дене шынықтыру Т: «Күз келді» М: балаларды әртүрлі бағыттарда жан-жағы сызықтармен тұйықталған тіке жол бойымен (ені35 см,ұзындығы 2м) және шеңбер бойымен бір-бірінің қолдарынан ұстап жүруге жаттықтыру.Затқа қолы тигенше секіруді үйрету.</p> <p>3. Дене шынықтыру Т: «Күз келді» Мақсаты: балаларды әртүрлі бағыттарда жан-жағы сызықтармен тұйықталған тіке жол бойымен (ені35 см,ұзындығы 2м) және шеңбер бойымен бір-бірінің қолдарынан ұстап жүруге жаттықтыру.Затқа қолы тигенше секіруді үйрету.</p>	<p>1. Көркем әдебиет Т: «Шалқан» орыс халық ертегісі М: Ертегіні мұқият тыңдауға, шығармаға қызығушылығын танытуға, ертегіні қайталап тыңдау ниеттеріне үйрету. Бакпада не өсетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру. Өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p>1. Жаратылыстану Т: «Табиғат құбылыстары» М: 1. Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. 2. Жұмбақтар шешу арқылы ой өрістерін дамыту. 3. Табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Мүсіндеу Т: «Ағаштағы алмалар» М: Ермексазды алақан арасына салып айналдыра домалақтау арқылы мүсіндей білуді үйрету, тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Т: «Күзгі бакта» М: 1. Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. 2. Күзгі бақ туралы түсінікті беру</p>

Қараша айы 1-апта

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру.

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Пайдалы көкөністер»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Дәрумендер» М: Кегельдер арасымен допты көтеріп жүруді жаттықтыру. Допты (диаметрі 10-15 см)50-60 см арақашықтыққа лақтыруға үйрету</p> <p>2.Дене шынықтыру Т:«Дәрумендер» Мақсаты: Допты (диаметрі 10-15 см)50-60 см арақашықтыққа лақтыруды жаттықтыру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді үйрету.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Дәрумендер» М: Допты (диаметрі 10-15 см)50-60 см арақашықтыққа лақтыруды , баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіруді жаттықтыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Т: «Дәмді көкөністер» М: Балаларды көкөніс туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, көкөністерді түріне қарай дәміне қарай ажырату, сөздік қорын толықтырып, желілі картиналарды карауға дағдыландыру, баланы танымдық қызығушылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>1.Сенсорика Т: «Көкөністер». М: Балаларға көкөністер пайдасы туралы айтуды жалғастыру. Дайын көкөністерді қағаз бетіне орналастыру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.</p>	<p>1.Сурет салу Т: «Вазадағы шие» М: Балаларды сызылған контурдың ішіне бояуды қылқаламмен жағуға үйрету. Қызыл түсті тануды жалғастырып, баланың ұсақ қол моторикасын,көз мөлшерін дамыту. Сурет салуға қызығушылығын жетілдіру.</p> <p>2.Музыка Т: «Пайдалы көкөністер» М: Өн арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.</p>

Қараша айы 2-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Жеміс бағында»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Біз бақшаға барамыз, жемістерді көп жинаймыз» М: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүруді үйрену. Жалғамалы қадамен жұптасып алға қарай жүруге дағдыландыру. Баладан 1 м арақашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Біз бақшаға барамыз, жемістерді көп жинаймыз» М: Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшық еттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Біз бақшаға барамыз, жемістерді көп жинаймыз» М:Қол ұстасып шеңбер бойымен жүруді, 6 м арақашықтыққа тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүруді үйрету. Алға жылжи отырып секіруге жаттықтыру. Төрттағандап еңбектеуді үйрету.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Т: «Жемістер жыры» Рыза Қунақова М: Коммуникативті дағдыларын дамыту. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу.</p>	<p>1.Жаратылыстану Т:«Жеміс ағаштары» М: Балаларды жеміс ағаштарымен таныстыруды жалғастыру. Ағаштарды күтіп баптауға тәрбиелеу. Жемістерді жуып жеуге кеңес беру.</p>	<p>1.Мүсіндеу Т: «Шиелер» М: Сазбалшықты алақан арасына салып домалатуды үйрету.</p> <p>2.Музыка Т: «Күзгі жеміс бағында» М: Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.</p>

Қараша айы 3-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Өзім туралы, мен кіммін»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Біз бақшаға барамыз, жемістерді көп жинаймыз» М: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүруді үйрену. Жалғамалы кадаммен жұптасып алға қарай жүруге дағдыландыру. Баладан 1м кашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Біз бақшаға барамыз, жемістерді көп жинаймыз» М: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүруді үйрену. Жалғамалы кадаммен жұптасып алға қарай жүруге дағдыландыру. Баладан 1м кашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Біз бақшаға барамыз, жемістерді көп жинаймыз» М: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүруді үйрену. Жалғамалы кадаммен жұптасып алға қарай жүруге дағдыландыру. Баладан 1м кашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыруға жаттықтыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Т: «Тазалық – таза баланың досы» М: Тазалық бұйымдары мен таныстыру. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2 -3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету. Балаларды таза жүруге тәрбиелеу.</p>	<p>1.Сенсорика Т: «Тұғыздағы сақиналар»(үстел-үсті ойыны) М: Екі-үш сақинадан тұратын пирамидаға сақиналарды белгілі бір ізділікпен жинастыруға үйрету</p>	<p>1.Сурет салу Т: «Сүлгіні әшекейлейміз» (тығынмен) М: Сүлгіні тығынмен салып сұлбасын әсемдеуге үйрету. Тығынды дұрыс пайдалана отырып негізгі түсімен сурет салуға жұмыстануын қалыптастыру, бастаған ісін аяғына дейін аяқтап, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>2.Музыка Т: «Менің әжем» М: Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету.Кеңістікті бағдарлап, еркін жүру. Ойын ойнау арқылы ептілікке, баулиды</p>

Караша айы 4-апта

Білім салалары	« Денсаулык »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Мөлдір су»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Саяхат тамшылары» М: Балаларды сигнал бойынша бір-бірімен әр түрлі бағытта жүруге және жүгіруге үйрету. Себетке оң және сол қолымен кезек-кезек допты лақтыра білу дағдыларын қалыптастыру, жаттығуларды дұрыс орындай білуге тәрбиелеу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Саяхат тамшылары» М: Қол ұстасып , шеңбер жасап жүруді, түрлі бағытта жүруді үйрету. Сызықтар арасымен тепе- теңдікті сақтап жүруді (арақашықтығы 25 – 30 см)дамыту. Алға жылжи отырып секіру. Допты төменнен екі қолмен лақтыруға жаттықтыру. Балаларды қимылдардың алуан түрлерімен таныстыру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т:«Саяхат тамшылары» М: ол ұстасып жұспен жүруді,10м арақашықтықта тәрбиешінің соңынан«шағын топпен» жүруді үйрету. Алға жылжи отырып секіруге жаттықтыру. Допты тәрбиешіге қос қолмен домалатуға үйрету.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Т: «Қуыршақты шомылдырып, ұйықтатамыз» Мақсаты:Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа,тазалыққа баулу.</p>	<p>1.Жаратылыстану Т: «Сумен тәжірибе жүргізу» М: Судың мөлдір екенін, бірақ оны кез – келген түске бояуға немесе төмен температурада мұзға айналуы мүмкін.</p>	<p>1.Мүсіндеу Т: «Қолшатыр» М:Бүлдіршіндерге арасына салып айналдыру арқылы кішкене домалақ заттарды мүсіндеуді, оны негізіне ептілікпен жабыстыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.</p> <p>2.Музыка Т: «Тамшылар» М:Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсен» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.</p>

Желтоқсан айы 1-апта

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Қоршаған заттардың алуан түрлі қызметін айқындауға және олардың өмірі, табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру.

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Қуыршақ тың жиһаздары»	<p>1. Дене шынықтыру Т: «Жиһаздар» М: Жүру, кедергілерден аттап жүру. Біріннің соңынан бірі (20м дейін) жүгіру. Доптарды бір біріне домалату (0,5-1,5)</p> <p>2. Дене шынықтыру Т: «Жиһаздар» М: Жүру, кедергілерден аттап жүру. Біріннің соңынан бірі (20м дейін) жүгіру. Доптарды бір біріне домалату (0,5-1,5м). Обручтан обручка аттау.</p> <p>3. Дене шынықтыру Т: «Жиһаздар» М: Жүру, кедергілерден аттап жүру. Біріннің соңынан бірі (20м дейін) жүгіру. Доптарды бір біріне домалату (0,5-1,5м). Обручтан обручка аттау. Доғанның астынан еңбектеп өту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Т: «Үш аю» М: Ертегіні мұқият тыңдауға, сұрақтарға жауап беруге үйрету, жиһаз аттарымен таныстыру, олардың аттары мен қасиеттерін тілдерінде белсендіру. «Жиһаз» жинақтау зат есімді енгізу.</p>	<p>Сенсорика Т: «Қуыршақ Сәуленің керуеті» М: Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру «осындай», «мұндай емес», «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқышты ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Т: «Орындық» М: Балаларды сурет салудың жаңа әдісі мақталы тығынмен салуды жетілдіру. Ұсақ қол моторикасын және кеңістікті бағдарлай білуін дамыту. Әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Т: «Қуыршақпен билейміз» М: Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.</p>

Желтоқсан айы 2-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Қуыршақ тың киімдері»	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Өзіңе және өзгелерге көмектес» М: Баяу, қарқынды өзгерте отырып отырып жүгіруді жаттықтыру. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Өзіңе және өзгелерге көмектес» М: Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүруді жаттықтыру. Допты алға домалату және оны қуып жетуді үйрету.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Өзіңе және өзгелерге көмектес» М: Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүруді және допты алға домалату және оны қуып жетуді жаттықтыру.</p>	<p>1.Көркем әдебиет Т: «Киім дүкені» М: Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа баулу.</p>	<p>1.Жаратылыстану Т: Д/о «Қуыршақты серуенге киіндіреміз» М: Күз туралы түсінік беру, ауа райын, ерекшеліктерін сезіне білуге маусым бойынша киімдерді білуге, киіну реттілігін сақтауға үйрету. Тілін, ойлау қабілетін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.</p>	<p>1.Мүсіндеу Т:«Шырша ойыншықтары» М: Ермексазды алақан арасына салып домалақтау, жалпақтау тәсілі арқылы мүсіндеу</p> <p>2.Музыка Т: «Қуыршақпен билейміз» М:Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл – қозғалыс жасай білуге үйрету.</p>

Желтоқсан айы 3-апта

Білім салалары	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	«Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	«Шығармашылық» -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Бдыстар»	<p>1.Дене шынықтыру Т:«Қуыршақтар қонақта» М: Балаларға бір-бірінің соңынан саппен жүруге және жүгіруге үйрету. Екі қолмен допты домалата білуге тәрбиелеу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Қуыршақтар қонақта» Мақсаты: Балаларға ұзындыққа секіру мен түрлі бағытта жүгіруді үйрету. Оларды кеңістікте қозғалыс жасай білуге, шыдамдылыққа тәрбиелеуге үйрету.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Қуыршақтар қонақта» М: Түрлі бағытта жүруге үйрету.Тәрбиешіге допты лақтырамыз. Балаларды дыбыс және көру дыбыстарын қабылдауға үйрету</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Т: «Үйге қонақ шақырамыз» М: Бдыстардың аттары мен оның қасиетін білу. «көп» «аз» ұғымдарын қалыптастыру, екі сөзден тұратын өтініш «бере тұрасыз ба?» т.б , берілген сұраққа 3-4 сөзден тұратын сөзбен жауап беруге үйрету. Қайырымдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>1.Сенсорика Т: «Гостаған». М:Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлмін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету.</p>	<p>1. Сурет салу Т: «Сызықшалы тарелке» М: Тәрелке өрнегіне ашық сызықшаны жағу, қылқалам темірінің шетінен нақты ұстап, түгінің ыңғайына қарай бояуды алып тегіс жағуға үйрету, негізгі түстерді ажыратып білу дағдыландыру. Әсемдік талғамына тәрбиелеу.</p> <p>2.Музыка Т: «Шырша жыры» М:Өн арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, қыс мезгілі туралы түсінік беру.</p>

Желтоқсан айы 4-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Ғажайып қыс»	<p>Дене шынықтыру Т: «Ғажайып қыс» М: Гимнастикалық таяқшалардан секіруді жаттықтыру . Белгілінген жерге дейін (2-3 м) еңбектеуді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Т: «Ғажайып қыс» М: Белгілінген жерге дейін (2-3 м) еңбектеуді жаттықтыру .Қосақтасып жүгіруді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Т: «Ғажайып қыс» М: Қосақтасып жүгіруді жаттықтыру . Ұсақ заттарды (шарды) 1 м. қашықтыққа лақтыруды үйрету.</p>	<p>Көркем әдебиет Т: «Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков М: Балалардың қыс мезгілі жайында ұғымдарын кеңейту. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: калтырайды, ағарады, қар, қыс , үлбіреген, аққала сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.</p>	<p>« Жаратылыстану Т: «Қыс мезгілінде құстарға қамқорлық жасау» М: Балаларды қыстайтын құстармен таныстыру: торғай, сауысқан, қарға, шымшық , көгершін; олардың тіршілігіндегі ерекшеліктермен таныстыру (қыста суықта тоңып қалмас үшін оларды қоректендеру қажет, жемсалғыш жасап, күн сайын оған жем салып отыру). Балаларды қанатты достарға деген қамқорлық қатынасқа тәрбиелеу.</p>	<p>Мүсіндеу Т: «Аққала» Мақсаты: Балаларға ермексазды бірдей көлемде домалақтау , қатарластырып ретімен тізуге, біріктіруге дағдыландыру</p> <p>Музыка Т: «Қыс қызығы» М: Көңілді шат-шадьман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.</p>

Қаңтар айы 1-апта

Өтпелі тақырып «Біздің кіші достарымыз»

Мақсаты: Балаларға жан жануарлар туралы түсінік беру. Олардың асыранды және жабайы болатынын түсіндіру.

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Ауладағы құстар» (үй құстары)	<p>1.Дене шынықтыру Т: «Ұшты- ұшты» М: Балаларды ойлау қабілетін арттырып, шапшаң дыққа баулу. Гимнастикалық таяқшалардан (2 дана) секіріп өтуді арақашықтығы 1м болатын себетке допты қос қолмен лақтыруды үйрету. Нысанаға дәлдеу іскерліктерін дамыту.</p> <p>2.Дене шынықтыру Т: «Ұшты- ұшты» М: Түрлі бағытта жүруге «Серуендейміз» сызықтар арасымен (сызықтар арасының арақашықтығы 25см) жүгіруге жаттықтыру. 20см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүруге жаттықтыру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Т: «Ұшты- ұшты» М: Сызықтармен шектелген (ені 25см ұзындығы 2м) түзу жолмен жүру.Қол тигізгенге дейін секіру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Т: «Үй құстарына жем береміз» М: Үй құстары және олардың пайдасы туралы түсіндіру. Сурет бойынша әңгіме құрату арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды үй құстарын қамқорлыққа алуға баулу.</p>	<p>1.Сенсорика Т: «Балапандар» М: Балалардың саусақ қимыл – қозғалыстарын жетілдіру,қағазды умаждау арқылы балапанды жасауға болатынын түсіндіру, балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>1. Сурет салу Т: «Балапандарға арналған жол» М: Тақырып бойынша балалардың сурет салуға қызығушылығын жетілдіру. Балаларды бірқалыпты үлкен қимылмен кез-келген бағытта салуға үйрету. Қылқаламды оң қолдың үш саусағымен қысып ұстауға, өз жұмысының нәтижесін сезініп, риза болуға ынталандыру.</p> <p>2.Музыка Т:«Бала,бала балапан» М: Дене мүшелерін игеріп,қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету.Бірқакпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.</p>

Қаңтар айы 2-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
«Үй жануарлары»	<p>1. Дене шынықтыру Т: «Көңілді лақтар» М: Дөпты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға, қос аяқтап алға жеңіл жылжи секіруге жаттықтыру. Көз мөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту.</p> <p>2. Дене шынықтыру Т: «Көңілді лақтар» М: Балаларды ұзындыққа дұрыс секіруге үйрету. Кеңістіктегі сигналдың басталуына және аяқталуына қозғалысына дұрыс жүріп, тұруға тәрбиелеу.</p> <p>3. Дене шынықтыру Т: «Көңілді лақтар» М: Шенбер бойымен жүруді, бір орында тұрып қос аяқтан ұзындыққа секіруді үйрету. Қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыруға ажаттықтыру.</p>	<p>1. Көркем әдебиет Т: «Үш марғау» (оқу) М: Балаларды шығарманың мазмұнымен таныстыру. Иллюстрациялық сурет және шығарма тыңдау арқылы қоршаған ортаны танып білуін қалыптастыру. Баланың диалогты сөйлеу тілін, әңгімелеп айту қабілетін, үлкендердің иллюстрация бойынша қойған сұрағына жауап беруге үйрету. Қайырымдылыққа, қуанышты сезімге тәрбиелеу.</p>	<p>1. Жаратылыстану Т: «Үй жануарлары. Сиыр, бұзау» М: Балаларға үй жануарларының неліктен үй жануарлары деп аталуын түсіндіру. Олардың аттарын дұрыс атап, төлдерінің дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>1. Мүсіндеу Т: « Мысыққа арналған жіп» М: Балаларға ермексазбен алақан арасына салып домалатуды, қолданылған материалмен ұқыпты жұмыс жасауды үйрету</p> <p>2. Музыка Т: «Менің мысығым» М: Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.</p>

Қаңтар айы 3-апта

Білім салалары	« Денсаулық »-3 Дене шынықтыру	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)	« Таным» -1 Сенсорика (0,5) Жаратылыстану (0,5)	« Шығармашылық » -2 Сурет салу (0,5) Музыка (1) Мүсіндеу (0,5)
